

Жақсы аудандық мәслихатының 2012 жылғы 27 наурыздағы № 5С-2-7 "2012 жылға арналған ауданының ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын көрсету туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Жақсы аудандық мәслихатының 2012 жылғы 8 тамыздағы № 5С-7-2 шешімі. Ақмола облысы Жақсы ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 22 тамызда № 1-13-160 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Жақсы аудандық мәслихатының 2013 жылғы 20 ақпандағы № 5ВС-13-2 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Жақсы аудандық мәслихатының 20.02.2013 № 5ВС-13-2 шешімімен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография мен пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Заңына, «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 28 маусымдағы № 869 қаулысына сәйкес, Жақсы аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Жақсы аудандық мәслихатының «2012 жылға арналған ауданның ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы» 2012 жылғы 27 наурыздағы № 5С-2-7 (нормативтік құқықтық актілер мемлекеттік тірекеудің Тізілімінде № 1-13-151 тіркелген, 2012 жылдың 20 сәуірінде «Жақсы жаршысы» аудандық газетінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің тақырыбы жаңа редакцияда баяндалсын:

«1. 2012 жылға арналған ауданының ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұ с ы н у т у р а л ы » ;

көрсетілген шешімнің 1 тармағы жаңа редакцияда баяндалсын:

«1. Ауданның ауылдық елді мекендерінде жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына 2012 жылға арналған келесі әлеуметтік қолдау

ш а р а л а р ы

ұ с ы н ы л с ы н :

жетпіс есептік айлық есептік көрсеткішке тең сомада көтерме жәрдемақы
б е р у т ү р і н д е ;

тұрғын үй сатып алу үшін, бір мың бес жүз есептік айлық есептік
көрсеткіштен аспайтын сомада бюджеттік кредит».

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік
тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап
қолданысқа енгізіледі.

сессия төрағасы

Ж а қ с ы а у д а н д ы қ м ә с л и х а т ы н ы ң

М.Нұржанов

мәслихатының хатшысы

Ж а қ с ы а у д а н д ы қ

Б.Жанәділов

КЕЛІСІЛГЕН

Жақсы ауданының әкімі

И.Қабдуғалиев